ҒТАХР. 39.21.02

АЙМАҚТЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ (АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

К.Н. Мамирова[1] , Т.К. Шакенова[2], А.К. Каирова[3]
[1]п.ғ.к., қауым. профессор м.а.,
[2] г.ғ.к., аға оқытушысы,
[3] 6М060900- география мамандығының 2-курс магистранты
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mamirova_kulash@mail.ru

Туристік әлеует пайдаланылған ресурстар көлемі, олардың құрылымы мен іске асыру мүмкіндіктері бойынша анықталады. Ол табиғи-климаттық ресурстардың (ресурстық әлеуеттің) болуы, білікті кадрлардың саны, оларды оқыту сапасы, қажетті ақпараттың саны мен сапасы, техникалық жабдықталу деңгейімен сипатталады.

Экономикалық қызметтің кез-келген басқа саласы сияқты, туризм индустриясы - оның даму әлеуеті мен оның тиімділігіне байланысты өте күрделі жүйе. Қазақстанның бәсекеге қабілетті және табысты туристік индустрияны құру мүмкіндігі бар: елдің оңтайлы геосаяси жағдайы, саяси тұрақтылық, туристік және рекреациялық ресурстардың бірегейлігі, туристік және рекреациялық аймақтардың, табиғи ландшафтардың, флора мен фаунаның алуан түрлілігі.

Мақалада аумақтың туристік және рекреациялық әлеуетіне Атырау облысының мысалында баға беріледі, Атырау облысының физикалық-географиялық жағдайы сипатталады.

Атырау облысындағы рекреациялық аймақтардың территориялық ұйымдастырылуының сипаттамасы беріліп, болашақта даму аспектілері анықталған.

Түйін сөздер: рекреация, рекреациялық әлеует, туристік әлеует, рекреациялық ресурстар, қоғамдық рекреация, арнайы рекреация, рекреациялық іс-әрекеттер.

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік туризм ұйымы мәліметтері бойынша, туризм әлемдегі тек автомобильдер, химиялық заттар мен отын өнімдерін экспорттаудан кейінгі тауарлар мен қызметтер экспорты бойынша төртінші орынды алады (7,4%) [1]. Кіріс тұрғысынан бұл сала мұнай өндірісі мен автомобиль өнеркәсібінен кейін әлемдегі үшінші орынға ие.

Туристік-рекреациялық әлеует абстрактілі тұтастық ретінде қарасақ келесідей құрамдас элементтерді қамтиды: ресурстық, материалдық-техникалық, кадрлық, заңнамалық, ақпараттық, ұйымдастырушылық, ғылыми және техникалық [2].

Материалдық өндіріс саласындағы еңбек өнімділігінің артуына байланысты, адамның қажеттілігін қамтамасыз ету үшін бос уақыт көбірек бөлінеді. Өз кезегінде ол қоршаған әлемді тану мақсатындағы саяхаттар, табиғатпен қарым-қатынас, мәдени-тарихи құндылықтармен танысуды қамтитын интеллектуалды қажеттіліктерге деген сұраныстың артуымен сипатталып, халықтың материалды және мәдени деңгейінің көтерілуіне әкеледі.

Интеллектуалды демалысқа деген қажеттілік «рекреация» және «туризм» түсініктерімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде, рекреация адамның қалыпты өмір сүруіне, еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге қажетті қызмет түрі болып саналады. Бірінші орында, адамның рухани әлемі мен оның шығармашылық қабілеттерін дамытуы керек. Сондықтан, рекреация – ол дамыған қоғамның ажырамас бөлігі, қазіргі өмір сүру салтының құрамдас компоненті.

Бүгінде экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелер өзгерді, нарықтық экономика жағдайында рекреацияға деген көзқарас та өзгерді.Халықтың бұрынғы нақты аумақтық-рекреациялық жүйелерге жаппай миграциясы тоқталғандай, сол жүйелердің бұрынғы деңгейлері де жоқ.Соның орнына, аймақтық территорияларды зерттеуге, өзіндік рекреациялық объекттерді дамытуға, сонымен қатар, өзіндік рекреациялық әлеуетті қолдануға қажеттілік туындады.

Атырау облысы – туризмді дамытуға қажетті критерийлерге ие: ландшафт әртүрлілігі, мәдени-тарихи құндылықтарға байлығы, қонақжай халқы, сонымен қатар, Еуропа мен азия арасында орналасқаны да осы аймақтың рекреацияға деген мүмкіндіктерін арттырады.

Нақты аудан аумағында туризм мен демалысты ұйымдастырып, дамыту да өзекті мәселе болып табылады. Туризм Қазақстан Республикасында халық шаруашылығының толыққанды саласы ретінде қарастырылады.

Жаңа ғылым «Туризмология» (рекреалогия) даму процесі жүзеге асуда. Оның дамуында географияның алатын орны ерекше. Егер бұрынғы уақытта география ғылымы жаңа аумақтардың ашылуымен, олардың табиғи ерекшеліктерін зерттеумен айналысса, бүгінде оның зерттеу саласы ретінде табиғаттың тазалығы мен тұтастығы, адамның табиғаттағы мәселелері есептеледі. География ғылыммдар жүйесінде, рекреациялық география халықтың рекреациялық іс-әрекеттерінің аумақтық ұйымдастырылуын зерттейтін, интегралды-синтетикалық ғылым ретінде қарқынды дамуда.

Таңдалынған тақырып нақты ауданда рекреацияның ұйымдастырылуы мен дамуы үшін өзекті, ол өлкетану үшін де маңызды. Кейбір елдерде «географияның» мектептегі курсын толықтай өлкетанулық мазмұнда өзгертуді ұсынылған.

Қазіргі таңда Атырау облысында мұнай өңдеу зауыты орнынан қоршаған ортаға бөлініп жатқан ауыр металдардың зиянды әсерлері күннен-күнге күшейіп келе жатыр.

Атырау мұнай өңдеу зауытының қалдықтары қоршаған ортаға теріс ықпалын тигізуде. Ол ең алдымен, атмосфераны, гидросфераны, сонымен бірге топырақты ластауда. Облыс топырағының мұнаймен ластану дәрежесін келесі кестеден көруге болады.

1 - кесте. Атырау облысындағы топырақтың мұнаймен ластану дәрежесі

Вариант	Месторождения		
	С.Балгимбаев	Жанаталап	Терен-Узек
Содержание нефти в почве, мг/кг			
Контроль	0,11±0,02	0,13±0,02	0,40±0,06
Среднезагрязненная почва	6007,15±12,91	5451,04±12,30	9212,30±15,99
Сильнозагрязненная почва	29675,00±27,70	27994,00±27,88	34155,00±30,80
Активность инвертазы, мг глюкозы/г почвы за 24 часа			
Контроль	10,31±0,53	5,82±0,40	4,95±0,37
Среднезагрязненная почва	7,43±0,45	3,67±0,32	2,84±0,28
Сильнозагрязненная почва	4,55±0,35	1,59±0,20	0,97±0,16
Активность дегидрогеназы, ед. ОП			
Контроль	0,42±0,05	0,39±0,03	0,25±0,01
Среднезагрязненная почва	0,73±0,05	0,53±0,07	0,58±0,03
Сильнозагрязненная почва	1,15±0,08	1,09±0,07	0,77±0,06
Каталаза, мл O_2/г за 2 мин.			
Контроль	12,90±0,61	12,70±0,63	12,90±0,68
Среднезагрязненная почва	11,30±0,62	12,40±0,63	10,70±0,65
Сильнозагрязненная почва	10,60±0,55	11,00±0,51	7,80±0,44
Целлюлаза, % деструкции клетчатки			
Контроль	28,00±0,31	30,60±0,98	16,40±0,67
Среднезагрязненная почва	3,40±0,34	2,80±0,31	2,00±0,20
Сильнозагрязненная почва	1,10±0,12	2,00±0,22	0,60±0,04
Уреаза, мг CO_2/г			
Контроль	4,40±0,34	5,50±0,39	3,74±0,32
Среднезагрязненная почва	3,10±0,30	3,30±0,30	2,08±0,24
Сильнозагрязненная почва	1,10±0,12	0,77±0,02	0

Облыс халқы үшін рекреациялық ресурстар, қызметтер өте қажетті болып табылады. Облыстың қытымыр климаты аумақта рекреациялық аудандарды үлгілеуде қиындық туғызады. Сондықтан тақырыптың өзектілігі - рекрециялық аудандастырудың ғылыми-практикалық негіздемелерін ескеріп, әлемнің өзге елдерінің тәжірибелерін пайдалана отырып, облыс аумағындағы рекреациялық аудандардың аумақтық ұйымдастырылуын анықтау.


Зерттеу жұмысының негізгі жағдайы - Қазақстандағы туризм мен рекреацияны дамыту бағдарламаса төңірегіндегі ғылыми-танымдық туризмнің дамуының ғылыми негізі.

Мәдени-тарихи объекттер мен құбылыстарға қатысты практикалық қорытындыларды туристік мекемелер мен оқу орындары пайдалана алады. Ол Қазақстанның рекреациялық өнімін

қалыптастырады. Берілген материалдар жаңа туристік-рекреациялық зоналар мен аудандарды қалыптастыруға немесе қалыптасқан түрлерін дамытуға ғылыми-анықтамалық сипатқа ие.

Облыстағы рекреациялық ресурстарды қолайлы пайдаланудың жолдары анықталып, аудандағы рекреациялық әлеуетті көтеруге бастама жолдар көрсетіледі.

Атырау облысының туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау үшін алдымен облыстың физикалық-географиялық жағдайына қысқаша сипаттама беру қажет.



2 – сурет. Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі

Атырау облысы — Батыс Қазақстанда орналасқан облыс. Іргетасы 1938 жылы 15 қаңтарда Гурьев облысы деген атымен қаланған. 1992 жылы қазіргі атауына ие болды. Солтүстігінде Батыс Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе облысымен, оңтүстік-шығысында Маңғыстау облысымен және батысында Ресейдің Астрахан облысымен шектеседі. Сондай-ақ оңтүстік шекарасы Каспий теңізіне келіп тіреледі.

Атырау облысының жер беті сулары Еділ өзенінің сол жақ тармақтарынан, Жайық, Ойыл, Жем, Сағыз өзендерінің төменгі ағыстарынан және үлкенді-кішілі көлдерден тұрады.

Өзендердің жинайтын суларының тек 10-20 %-ы ғана өз облыс аумағынан, ал қалған суын басқа аймақтан әкеледі. Жайық өзені кеме арқылы әр түрлі жүк және жолаушы тасымалдауға пайдаланылады, балық ауланады. Ал қалған өзендері егістікке, шабындықты суландыруға және мал суару үшін ғана пайдаланылады.

Ірі өзендері Жайық, Жем, Ойыл, Қайнар. Жайық өзені облыстағы басты өзен. Сол сияқты Бақсай, Бүгілөзек, Бағырлысай, Ақсай өзендерінің жергілікті маңызы бар. Облыс аумағында Еділ өзеніндегі салалардың тармақтары –Ахтуба, Бозан, Қиғаш т.б. өзендер бар.

Көлдері. Облыста екі мыңнан астам көлдер бар. Олардың жалпы көлемі 800 шаршы шақырым шамасында. Облыс көлдері тұйық, ағынсыз болып келеді. Облыста Дүние жүзіндегі ірі көл – Каспий теңізі бар. Индер көлінен құрамында бром калийі бар жоғары сапалы тұз өндіріледі.Жалтыр көліне Бағырлысай, Бүгілөзек секілді шағын өзендер құяды. Бұдан басқа екі мыңнан астам шағын көлдер бар. Олар: Қамыскөл, Мешер, Дәулет, Толай-сор. Олардың 65-70%-і жаз кезінде құрғап қалатын уақытша көлдер.

Жер асты сулары. Облыс аумағында жер асты су қорларының алты су кен орны ашылған. Оның төртеуінің суы пайдаланылуда. Олардың ең үлкені және қоры молы Тайсойған, Бүйрек және Қоянды құмдарында орналасқан. Қабатының тереңдігі 50-120 м, қалыңдығы 30-70 м.

Климаты қатты континенталды, жазда құрғақ, ыстық, ал қыста ылғал қармен сипатталатын салқындық.

Атырау қаласы кеңдігі 47, -07 С., ұзақтығы 51-53 болатын жазы ұзақ, қысы қысқа күндермен сипатталады.

Қаңтар айындағы орташа температура –8С-ден бастап -12С-ге дейін, ал шілде айындағы орташа температура +24С-ден бастап +26С-ге дейін. Ең төменгі температура -38С, ең жоғары температура +45С. Каспий теңізіне құйып, облыс орталығынан өтіп жатқан Орал өзенінің арқасында ол жердегі температура судан алыс жердегі аудандардың температурасымен салыстырғанда төмен болып келеді.

Жауын-шашын болар-болмас деңгейде, жылына орташа 150 мм, 200 мм шамасында болады. Жел бағыты қаңтар айында оңтүстік-шығыс бағытта болса, ал маусым айында батыс бағытта болады.

2-кесте. Облыстың ауа температурасының айлық көрсеткіштері

Айлар	Абсолют. минимум	Орташа минимум	Орташасы	Орташа максимум	Абсолют. максимум
қаңтар	-37.9 (1909)	-9.4	-6.4	-2.8	10.5 (2007)
ақпан	-37.4 (1954)	-9.9	-6.3	-1.8	15.0 (1958)
наурыз	-32.3 (1954)	-3.1	0.8	5.8	26.3 (2008)
сәуір	-12.3 (1898)	6.1	11.2	17.2	32.5 (1972)
мамыр	-2.3 (1952)	12.8	18.4	24.5	38.0 (2014)
маусым	2.3 (1967)	18.4	24.5	30.8	41.9 (1973)
шілде	8.1 (1947)	20.5	26.8	33.4	42.7 (1984)
тамыз	4.8 (1973)	18.5	24.8	31.6	41.9 (2015)
қыркүйек	-5.7 (1958)	12.3	18.0	24.6	40.1 (2003)
қазан	-15.7 (1976)	5.0	9.7	15.3	29.6 (2004)
қараша	-29.8 (1957)	-1.7	1.3	5.1	19.9 (1974)
желтоқсан	-35.8 (1892)	-7.0	-4.3	-1.1	11.8 (1947)
жылдық	-37.9 (1909)	5.2	9.9	15.2	42.7 (198

Теңіз жағасындағы батпақтарда қамыс, құрақ жиі кездеседі. Шығыс жағында ебелек, мортық, шытыр, қаңбақ, ақселеу, жыңғыл, жүзгін өседі.

Сонымен қатар облыс аумағында дәрілік, техникалық өсімдіктер де кездеседі. Олардың жалпы саны 50 ден асады.

Атырау облысында 500 ге тарта омыртқалы жануарлар түрі және мыңдаған омыртқасыз жануарлар түрлері кездеседі. Облыс аумағында құстар алуан түрлі және кең таралған. Олардың ең басты тіршілік орындарының бірі –су және оның жағалауы.

Жалпы құстардың 280-дей түрлері бар. Оның ішінде бірқазан, дегелек, қаз, үйрек, шағала, тырна, дуадақ, көгершін, торғай тәрізділер көп тараған.

Облыстың өзен-көлдерінде балықтардың көптеген түрлері бар. Кәсіптік маңызы бар балық түрлерінен бекіре, қорытпа, шоқыр т.б. балықтар кездеседі.

Облыс суларында шортан, сазан, жайын, майшабақ, қаракөз т.б. кең тараған. Жалпы Каспий теңізінің Атыраулық аймағында бағалы балықтардың 122-ден астам түрлері кездеседі.

Облыстың жер қойнауында қалың шөгінді қабаттармен байланысқан әр түрлі пайдалы қазбаларға мол. Олардың ішінде қоры аса бай әрі негізгісі мұнай болып табылады. Мұнай-газдан басқа пайдалы қазындылар ішінен облыс экономикасы үшін маңыздылары ретінде борат және борат тұзды кендерді, ас тұзын, калийлі, магнийлі жыныстарды атауға болады. Құрылыс индустриясы шикізаттарынан бор, бор-мергельді жыныстар, гипс, ангидрит, сазды, құмды әктастар, сондай-ақ битуминозды жыныстар (кирлер) мен тұщы және минералды су көздері бар. Борат кені дүние жүзінің бір ғана жерінен, тек Атырау облысының қойнауынан ғана табылып отыр. Сондай-ақ күкірт, құм-

қиыршық тас қосындылары, отқа төзімді керамзит және кірпіштік саздар, ұлутас, шипалы балшық, қоңыр көмір мен минералды бояулар жасауға жарамды саз шөгінділері бар.

Туристік әлеует бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасады: туризм теориясы мен әдіснамасын дамыту; нарықтық қатынастарды қалыптастыру және дамыту; туризмді басқару және технологиялар саласындағы инновациялар; ақпараттық-техникалық сүйемелдеу жүйесін дамыту; шығармашылық қызметтің және кадрлардың біліктілігін арттыру. Осылайша, туристік әлеует аталған барлық компоненттер мүмкіндіктерінің біріккен нәтижесі ретінде қалыптасады.

Туристік-рекреациялық әлеует абстрактілі тұтастық ретінде қарасақ, келесідей құрамдас элементтерді қамтиды: ресурстық, материалдық-техникалық, кадрлық, заңнамалық, ақпараттық, ұйымдастырушылық, ғылыми және техникалық.

Дамудың сапалы жаңа деңгейіне көшу, туризмнің тиімділігін айтарлықтай арттыру туризмнің ресурстық, ұйымдастырушылық, техникалық, ғылыми, әдістемелік және кадрлық ресурстарын қарқынды және теңгерімді дамытуды талап етеді. Осындай түрдегі трансформациялар, сонымен бірге, қызметкерлердің кәсібилігі мен олардың жауапкершілігі айтарлықтай өскенше, қалаған нәтижеге қол жеткізбейді. Туризмнің ресурстық базасы туристік өнімді құруға қолайлы табиғи және жасанды түрде құрылған объектілердің тіркесімін білдіретін туристік және рекреациялық ресурстардан тұрады. Туристік ресурстар әртүрлі табиғи, мәдени-тарихи, әлеуметтік-экономикалық объектілер мен құбылыстардан тұрады, олар туристік қызметтер көрсету үшін негіз болып табылады [3] .

Рекреация (recreatio - қалпына келтіру) — адамның еңбек процесінде жұмсаған дене және рухани күштерін қалпына келтіру мен дамыту. Қоғамдық рекреация — ең басты орындағы қажеттілік. Оны физикалық және психикалық қажеттілік деп те анықтауға болады.Арнайы рекреация - көптеген рекреациялық сабақтар, денсаулықты жақсарту, айналаны танып білу, қиындықтарды жеңе білу, рухани байлықты қамтиды. Арнайы рекреация сұранымдары өзінің қалыптасуында әлеуметтік топтық рекреация сұранымына және құрылымына әсер етеді.

Қоғамдық іс-әрекет, топтық және жеке рекреациялық сұранымдары, адамның қажеттілігі объективті өмір жағдайының тарихи жағымен айқындалады. Рекреациялық қажеттіліктер адам қажеттіліктерінің бірі ретінде айқындалады.

Рекреацияның негізгі міндеті - қоғамның әр мүшесінің физикалық және психологиялық күшін қалпына келтіру және дамыту, оның рухани әлемінің жан-жақты дамуы. Рекреация - дамыған социологиялық қоғамның саяси бөлінбейтін бөлігі.

Рекреациялық ресурстар деп - бірегей тарихи немесе танымдық, эстетикалық және емдеу-сауықтыру маңыздылық қасиеттеріне ие, адамның денсаулығын және еңбек қабілеттілігін қалпына келтіру және демалу-көңіл көтеруді қамтамасыз ететін табиғи және мәдени ресурстарды айтамыз. Осы аталған мәселелерді Атырау облысы мысалында қарастырайық.

Туристік әлеует бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасады: туризм теориясы мен әдіснамасын дамыту; нарықтық қатынастарды қалыптастыру және дамыту; туризмді басқару және технологиялар саласындағы инновациялар; ақпараттық-техникалық сүйемелдеу жүйесін дамыту; шығармашылық қызметтің және кадрлардың біліктілігін арттыру. Осылайша, туристік әлеует аталған барлық компоненттер мүмкіндіктерінің біріккен нәтижесі ретінде қалыптасады.

Атырау облысының рекреациялық әлеуеті туризмді дамытуда келешегі зор өңірлердің бірі болып саналады. Тауы бен тасы, өзені мен көлі, жазира даласы қойнауында қаншама сыр жатса да, өңірдің керемет құпияларына әлі де болса қанығa қойған жоқпыз.

Географиялық орны Азия мен Европа арасында болғанының өзін ұтымды пайдалануға болады. Атырау облысында туризмді дамытуға үлкен мүмкіншілік бар. Себебі, ұлан- ғайыр қазақ даласында Атырау өңірінің өз орны және өз тарихы бар. Сондықтан Атырау облысын бөлек бір рекреациялық аудан ретінде қарастыруға болады.

Рекреациялық аудандар қалыптасуының негізгі ерекшелігі: процесске табиғи және әлеуметтік құбылыстар мен объектілердің бірдей әсер етуінде. Жалпы алғанда, бұл олардың тоғысында орын алатын интеграцияланған процесс болып табылады. Белгілі бір жағдайда әлеуметтік және экономикалық даму қажеттіліктері қолайлы табиғи жағдайларға ие территорияның рекреациялық аймақ ретінде қалыптасуына әкеледі.

Демалыс аймағы табиғат тұрғысынан қолайлы болмауы мүмкін емес, аудан «бірегей» болуы керек. «Бірегейлік» арнайы жолмен жинақталады.

Аймақта рекреациялық мақсаттар үшін «бірегейлікті» дамыту барысында келесі диалектика қалыптасады. Оның даму міндеті тұрғанда, назар аудан табиғатының ерекшелігіне аударылады. Бұл параметрлерді тіпті ғылыми фактілермен де расталды.

Игерілудің арнайы деңгейіне жеткенде, бірінші орынға ешқашан қарастырылмаған аудан тұрақсыздығы шығады. Мұндай тұрақсыздыққа аудандағы этникалық және аймақтық қақтығыстар жатады екен. Бірақ ауданның бірегейлігін сақтау үшін әрқашан аймақтың табиғи бірегейлігіне үлкен мән беріледі.

2 – кесте. Рекреациялық аудандардың дамуына әсер ететін факторлар.

р	Рекреациялық аудандардың дамуына әсер ететін факторлар	Сипаттамалары
1	Ауданның экономикалық даму деңгейі	Бұл рекреациялық ауданның даму процесінің нақты факторлары болып табылады. Екінші жағынан, олардың болмауы маңызды емес, және ол белгілі бір ауданды рекреация саласында дамыту мәселесін жоққа шығармайды. Урбандалу мен аймақтың табиғи ландшафттарын шаруашылықта игерілу деңгейінің тұрақты дамуы адамның рекреациялық қажеттіліктерімен қамтамасыз ету және демалыс орындарында табиғатты сақтау мәселесін өзекті етіп отыр.
2	ӘМО аумағында көлікке деген қолжетімділік	
3	Еңбек ресурстарының жеткілікті болуы	
4	Қоныс аудару жүйесінің болуы	

Кез келген территория әртүрлі қоғам қажеттіліктерін қамтамасыз ететін әртүрлі альтернативті мүмкіндіктерге ие табиғи ресурс болып табылады. Аймақты кешенді пайдалану бағдарламасын әзірлеген кезде түрлі қоғам қажеттіліктерін ескеріп, түрлі табиғи әлеуетіне қатысты факторларды зерттеу қажет.

Нақты территорияда жүзеге асыруға болатын табиғатты пайдалану түрлерінің санын келесі факторлармен анықталады:

– Қоғам қажеттіліктерінің сипаты мен құрылымымен;

– Берілген территориядағы ресурстармен, олардың орналасуы мен игерілуінің деңгейімен;

– Маңындағы және алыстағы территорияда ұйымдасқан табиғатты пайдалану түрлерімен;

– Территорияның ауқымымен.

Осылайша, территорияның рекреациялық әлеуеті басқа да әлеуметтік-қажетті қызметтер типтерімен тең. Қазіргі уақыт немесе болшақ уақыт кезеңінде әлеуетті рекреациялық территорияның максималды сыйымдылығына жету үшін: осы сыйымдылыққа жетуге жұмсалатын шығындарды және территориядағы табиғатты пайдаланудың барлық түрлерінің пропорционалды комбинациясын есепке алу керек.

Бірақ, территорияның рекреациялық әлеуетін анықтау барысында, олардың тиімді пайдалануға кедергі тудыратын факторлар қатары анықталады.

Жер (территориялық) ресурстарының шектеулігінен басқа, рекреациялық шаруашылықтың дамуына су ресурстарының, көгалдың аз болуы, рекреациялық инфраструктарының төменгі деңгейде болуы және т.б. факторлар кедергі жасайды.

Облыс аймақтарының өз ерекшеліктерінің негізінде аумақтың барлық рекреациялық аудандарында ішкі туризмді дамыту қажет.

Нарын құмы – Каспий маңы ойпатының солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан. Аумағы 40 мың км². Құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 21 м төмен жатыр.

Тайсойған құмы - Атырау облысының солтүстік шығыс шетін алып жатқан құм. Каспий маңы ойпатының оңтүстік Орал алдының көтеріңкі оңтүстік-батыс қиыр шетін және Жем үстіртіне ұштасатын өңірін алып жатыр. Жалпы ұзындығы 83 км-ге жуық, ені 40 км, ауданы 2400 км². Адырлы-қырқалы, кейде құмды-шағылды келеді.

Аталған құмдар облысымыздағы ерекше көрініске ие табиғи ландшафттар қатарынан орын алады. Осы Исатай ауданының құрамына кіретін Нарын құмы мен Қызылқоға ауданына қарасты Тайсойған құмдарында туризмнің экстремалды түрін дамытуға болады. Нарын және Исатай құмдарына туристтер квадроциклдармен аттана алады. Себебі, осы туризм түрінің шеберлері

аймақты өздері көріп, бұл құмдардың Араб Эмираттарындағы құмдардан ешқандай айырмашылығы жоқ екенін айтуда [4].

Рекреациялық-танымдық іс-әрекетте адамның рухани дамуы қарастырылған. Бұл топқа: мәдени ескерткіштерді қарау және табиғаттың көріністерімен танысу жатады.

Атырау облысы өңірінде орналасқан сан түрлі тарихи- мәдени ескерткіштер халық қазынасы болумен қатар, осы өңірлерге келуші туристерге танымдық бағытта ұстануға болатын мүмкіндіктердің бірі. Күні бүгінге облысымызда 494 ескерткіштер бар. Оның 67 тарихи ескерткіш, 34 жер асты қазба ескерткіштері , 152 монументалдық ескерткіштер, 241 сәулет –құрылыс ескерткіштері. Осылардың ішінде 4-еуі республикалық маңызы бар ескерткішке жатады. Олар: Махамбет Өтемісұлы жерленген жері (Индер ауданы), орта ғасырлық Сарайшық қалашығы (Махамбет ауданы), Мұнайшылар қалашығы (Атырау қаласы), Жұбан тамы (Жылой ауданы). Демек, облыстың қазыналы мұрасы туризмді дамытуға өз үлесін қосатыны сөзсіз [5].

Жеңіс саябағы. Қаланың Еуропа бөлігінде орналасқан саябақ болып табылады. Өткен 2015 жылы «Ұлы Жеңістің» 70 жылдығына орай толықтай жөндеуден өткенін айтпай кету мүмкін емес. Саябақта үлкен көлемді алып өскен түрлі ағаштар мен соғыс ардагерлерінің есімдері жазылған ескерткіштер орнатылған.

Орталық саябақ. Атырау қаласының ең алғашқы құрылған бөлігі аймағында (Жилгородок ықшам ауданы) орналасқан. Саябақта жүргіншілерге арналған ашық жолдар, көкпен таласқан ағаштар, жаз мезгілінде жұмыс істейтін мейрамханалар орналасқан.

Осы екі саябақ қала тұрғындарының бетке ұстар мәдени ландшафттарының үлгілері болып табылады [6].

М. Өтемісұлының кесенесі. Мемориальды комплекс Атырау қаласының оң жағалауында орналасқан. Комплекс қаланың екі діни орталықтары – "Иман" жаңа мешіті және Успен шіркеуімен бірге бір тұрғын комплексінің қала құрылысының жиынтығын құрайды. Архитектурлы-мемориальды комплекс 3 бөліктен тұрады: Махамбет және Исатай монументі, Ақжол аллеясы және мәдени ландшафтты шағын саябақ. Осы жер 5 гектар шамасындағы аумақты алады. Исатай-Махамбет монументі атты екі мүсінді, қоламен жалатылған, әр біреуінің биіктігі 5 метр, екі метрлі постаментіндегі композициясын құрайды. Монументтің қозғалатын жағында "Қорған" сферасы ескеріліп, "Қорғанның" кесілген жерінде "Еділ-Жайық" бедері орналасып, халықтың Исатай мен Махамбеттің бірлігін білдіреді.

Атырау облысы – Батыс Қазақстан облыстарының ішінде диаметрі 2 метрге жететін ақ тасты сферасымен көптеген таулы шыңдарына бай мекен.

Бұл қорықтық мекенде өткен ғасырлар архитектураның діни белгілері, негізінен ежелгі ескерткіштер, жер асты мешіттер, сағанаттар, қошқартастар, құлпытастар, сандықтастар, түрлі формадағы жерсаты мешіттер орналасқан. Бұл барлық ескерткіштер бір-бірінен түрлі формалармен және декоративті түзеу түрткілерімен ерекшеленеді. XIII—XVI ғ.ғ. Сарайшық қалашығы және Махамбет Өтемісұлының кесенесі Қазақстанның мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілді [7].

Атырау облысында мән беріліп, күш салынса туристік орталық болғалы тұрған табиғи ескерткіштер де баршылық. Мысалы, Жылыой ауданындағы «Қамыскөл», Индердегі тұзды көл, оның шипалы балшығы, Еркінқала ауылы жанындағы «Жасыл арал», Каспий теңізінің жағалауы, Атырау және Ақтөбе облыстарының шекарасында орналасқан Ақтолағай үстірті, Жылыой ауданындағы керемет Ақтолағай, Аққерегешін, Иманқара таулары, Құрманғазы ауданындағы "Бесшоқының үңгірі" және Амангелді селолық округі маңайындағы «Ақ Жайық» резерваты.Сонымен қатар жұрттың көзайымына айналған Құрманғазы ауданындағы Қиғаш өзені бойы [8].

Облыс халқы үшін рекреациялық ресурстар, қызметтер өте қажетті болып табылады. Облыстың қытымыр климаты аумақта рекреациялық аудандарды үлгілеуде қиындық туғызады. Сондықтан тақырыптың өзектілігі рекрециялық аудандастырудың ғылыми-практикалық негіздемелерін ескере отырып, облыс аумағындағы рекреациялық аудандардың аумақтық ұйымдастырылуын анықтау және аймақтың туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау арқылы облыста рекреациялық іс-әрекеттерді дамыту..

Аймақтың облыстық деңгейінде де, қала төңірегінде де туристік-рекрациялық әлеуеттің жоғары екені анықталды.

Пайдалынылған әдебиеттер

1 UNWT0 и статистика Казахстана / Модель прогноза. Режим доступа: stat.kz. Алматы. 2015
2 Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 г.: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 февраля 2013 г. № 192. Астана.2013. Режим доступа: stat.kz
3 Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы.2000
4 «Атырау» энциклопедиясы. Алматы. 2000
5 Қаженбаев Е. Атырау облысының географиясы. Алматы. 2007
6 2011-2015 жылдарға арналған Атырау облысының аймақтарын дамыту бағдарламасы. Атырау – 2010
7 Атырау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаментінен алынған мәліметтер. Атырау. 2015
8 Мамирова К.Н., Мусахан Р. Қызылорда облысы күріш шаруашылығының аумақтық орналасу ерекшеліктері. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. 2016. №6. 26-30 бб.

ОЦЕНКА ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕГИОНА (НА ПРИМЕРЕ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ)

К.Н.Мамирова[1], Т.К.Шакенова[2], А.Д.Каирова[3]
[1]к.п.н.., и.о. профессора,
[2]к.г.н., ст. преподаватель,
[3]магистрант 2 курса, специальность 6М060900 - география,
Казахский государственный женский педагогический университет,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: mamirova_kulash@mail.ru

Туристский потенциал определяется объемом используемых ресурсов, их структурой и возможностями реализации. Он характеризуется наличием природных и климатических ресурсов (ресурсный потенциал), количеством квалифицированных кадров, качеством их подготовки, количеством и качеством необходимой информации, уровнем технической оснащенности.

Как и любая другая сфера хозяйственной деятельности, индустрия туризма является весьма сложной системой, степень развития которой зависит от ее потенциала и эффективности его использования. Казахстан обладает всеми возможностями для создания конкурентоспособной и рентабельной индустрии туризма: выгодное геополитическое положение страны, политическая стабильность, уникальность туристско-рекреационных ресурсов, многообразие туристско-рекреационных зон, природных ландшафтов, флоры и фауны. В статье дана оценка туристко-рекреационному потенциалу региона на примере Атырауской области, охарактеризовано физико-географическое положение Атырауской области. Дана характеристика отерриториальной организации рекреационных районов Атырауской области и определены аспекты развития в будущем.

Ключевые слова: рекреация, рекреационный потенциал, туристический потенциал, рекреационные ресурсы, общественная рекреация, специальная рекреация, рекреационная деятельность.

EVALUATION OF THE TOURIST-RECREATIONAL POTENTIAL OF THE REGION (ON THE EXAMPLE OF ATYRAU REGION)

K. Mamirova[1], T. Shakenova[2], A. Kairova[3]
[1]Cand. Sci. (Pedagogy), Prof. (acting),
[2]Cand. Sci. (Geography),
[3] MS cstudent 6M060900 - Geography
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan,e-mail: mamirova_kulash@mail.ru

The tourist potential is determined by the volume of resources used, their structure and implementation possibilities. It is characterized by the availability of natural and climatic resources (resource potential), the number of qualified personnel, the quality of their training, the quantity and quality of the necessary information, the level of technical equipment.

Like any other sphere of economic activity, the tourism industry is a very complex system, the degree of development of which depends on its potential and efficiency of its use. Kazakhstan has all the opportunities to create a competitive and profitable tourism industry: a favorable geopolitical position of the country, political stability, the uniqueness of tourist and recreational resources, the diversity of tourist and recreational zones, natural landscapes, flora and fauna. The article gives an assessment of the tourist and recreational potential of the region on the example of Atyrau region, the physico-geographical position of Atyrau region is characterized. The characteristic of territorial organization of recreational areas of Atyrau region is given and development aspects are determined in the future.

***Key words*:** recreation, recreational potential, tourist potential, recreational resources, public recreation, special recreation, recreational activities.

ФИЗИКА
МАТЕМАТИКА
ИНФОРМАТИКА

PHYSICS
MATHEMATICS
COMPUTER SCIENCE